

Ж.Т. Дәулетбекова



Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІРІ БІЛІМ» ТЕОРИЯСЫ – ТІЛ ТУРАЛЫ ДҮНИЕТАНЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада заманауи білім беру үдерісінде А. Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясын қолданудың мүмкіндіктері мен педагогикалық шарттары қарастырылады. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы тұлға ұсынған іргелі ілімінің басымдықтары дәлелденеді.

Тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру оқушы білімнің өз тіршілігі үшін маңызын түсінген кезде ғана басталады. Өйткені адам баласы өзі мәні мен маңызын жіті түсінген және оның қолданымдық амал-тәсілін меңгерген білімді ғана сауатты жұмсай алады. Сондықтан заманауи білім беру үдерісінде дәстүр мен инновацияны тоғыстыру маңызды. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясындағы «мәніс білім», «әдіс білім» категорияларын, «пайдалы білім» қағидаларын орайлы қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Мақалада зат есімді оқыту үдерісін Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясы бойынша ұйымдастыра отырып, оқушылардың тіл туралы дүниетанымы мен функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың амал-тәсілдері жүйеленеді. «Пайдалы білім» мәселесі де концептуалдық тұрғыдан дәйектеледі. Осы мақсатта білім сапасы көрсеткіштерін салыстыру әдісі қолданылады.

Түйін сөздер: «Тірі білім» теориясы, «мәніс білім», шарт, басымдықтар, тіл туралы дүниетаным, функционалдық сауаттылық, әдістер, білім сапасы.

Zh.T. Dauletbekova

Kazakh-British Technical University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

Theory “Tiri bilim” A. Baitursynuly – the basis for the formation of a worldview about the language

The article discusses the possibilities of implementation and pedagogical conditions for using the theory of A. Baitursynuly “Living knowledge” in the process of modern education. The priorities of the teachings of the founder of the methodology of teaching the Kazakh language are proved.

The formation of students’ worldview about the language begins with their awareness of the importance of education for his life. Because a person can use only that knowledge when he understands its meaning and meaning, when he masters the methods of using it. Therefore, it is important to combine tradition and innovation in the process of language learning. This is done by applying the category “manis bilim”, “adis bilim”, “paydaly bilim” in the theory of “Living Knowledge” of the scientist.

The article explains the ways of organizing the study of nouns according to the theory of Akymet Baitursynuly “Living Knowledge”, the methods of forming students’ worldview about their native language and functional literacy in general are proposed. The conceptual foundations of the category “paidal bilim” are argued. For this, the method of comparing education quality indicators was used.

Key words: Theory “Tiri bilim”, “manis bilim”, condition, priorities, outlook on language, functional literacy, methods, quality of knowledge.

Ж.Т. Дәулетбекова

Казахстанско-Британский технический университет, Казахстан, г. Алматы
e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

Теория «Живое знание» А. Байтұрсынова – основа формирования мировоззрения о языке

В статье рассматриваются возможности реализации и педагогические условия использования теории А. Байтұрсынова «Живое знание» в процессе современного образования. Доказывается польза учения основателя методики обучения казахскому языку.

Формирование мировоззрения учащихся о языке начинается с осознания ими значения образования для его жизни. Потому что человек может использовать только те знания,

мает его смысл и значение, когда осваивает приемы употребления его. Поэтому важно сочетать традиции и инновации в процессе обучения языку. Это осуществляется путем применения категории «мәніс білім», «әдіс білім», «пайдалы білім» в теории «Живое знание» ученого.

В статье разъяснены пути организации изучения имен существительных по теории Ахмета Байтұрсынұлы «Живое знание», предложены методы формирования у учащихся мировоззрения о родном языке и функциональной грамотности в целом. Аргументированы концептуальные основы категории «пайдалы білім». Для этого использован метод сравнения показателей качества образования.

Ключевые слова: Теория «Тірі білім», «мәніс білім», условие, приоритеты, мировоззрение о языке, функциональная грамотность, методы, качество знания.

Кіріспе

Білім алушылардың тіл туралы дүниетанымын қалыптастырудың, функционалдық сауаттылығын жетілдірудің кепілі – меңгерген білімнің өз тіршілігі үшін маңызын түсінуі. Өйткені адам баласы өзі мәні мен маңызын жіті түсінген және оның қолданымдық амал-тәсілін меңгерген білімді ғана сауатты жұмсай алады. Ал, таныған нәрсесін дұрыс қолдануға төселу үшін сөз жұмсау дағдысы үнемі ұшталып отыруы керек. Сондықтан өз сұранысына сай білімді ғана меңгеруге мүдделі Z ұрпаққа тілді оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру жолдарын табу міндет. Ондай білімнің өзегінде тіл арқылы ата дәстүрін сақтау да, жаңа заман адамының өмір қажетін өту де бірге қабысып жатуына мән берген абзал. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің теориялық материалдарын меңгерту үдерісінде Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясындағы «мәніс білім», «әдіс білім» категорияларын, «пайдалы білім» қағидаларын орайлы қолданумен ұштасып жатыр. Мақалада жас ұрпақтың тіл туралы көзқарасы мен өзіндік пайымын жетілдіруге ықпал ететін бір негізгі тұғырнамалық бағыт ретінде тілдің адамзатқа Жаратылыстан берілген ең ұлы мүмкіндік екенін түсіндіре отырып, сол мүмкіндікті сауатты қолданудың маңызын таныту жолдары қарастырылады. Ол үшін қазақ тілі сабақтарында зат есімді оқытуды жаңарту жүйесі мысал ретінде талданады.

Зерттеудің мақсаты – зат есімді оқыту үдерісін Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясы бойынша ұйымдастыра отырып, оқушылардың тіл туралы дүниетанымы мен функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың амал-тәсілдерін зерделеу. Осы мақсатқа сай ғалымның «мәніс білім» және «әдіс білім» категорияларының мәнін ашу көзделеді. Сонымен қатар ғалым көксеген «пайдалы білім» мәселесі де концептуалдық тұрғыдан дәйектеледі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясындағы «мәніс білім», «әдіс білім» ұғымда-

ры және «пайдалы білім» қағидасы талданады. Ұлы ғалымның пайымдауларының өміршендігі Абайдың және өз замандастарының, сонымен қатар бүгінгі зерттеушілердің пікірлерімен ұштастырыла отырып, дәлелденеді. Зерттеуде эксперимент нәтижелеріне сүйеніп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы «Тірі білім» теориясын қолданудың тиімділігі айқындалады. Осы мақсатта экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кезеңдердегі білім сапасы көрсеткіштерін салыстыру әдісі қолданылады.

Әдебиеттерге шолу

«Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек» деген Ахмет Байтұрсынұлының бір ауыз сөзін заманауи білім беру жүйесін түбегейлі өзгертудің тегершігі деп санауға болады (Байтұрсынұлы, 2013: 15). Ғалым атап отырған «мәніс білім», аты айтып тұрғандай, білім алушының оқып отырған сабақ тақырыбының не үшін қажет екенін және оны дұрыс, сауатты қолданудың мәні неде екенін саналы ұғынуы нәтижесінде ғана қалыптасады. Бұл жердегі назар аудартатын басты мәселе – «білім білім үшін» емес, «білім тұлғаның жетіліп, қалыптасуы үшін» берілуінде. Бұл талап барлық оқу пәні үшін мәнді десек те, жас ұрпақтың ұлттық ділін қалыптастыратын, ұлттық санасын оятатын, ұлттық болмысын жетілдіретін ана тілі ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәні үшін басты ұстаным деңгейінде үнемі назарда болуы шарт. Себебі тіл ғана адамның белгілі бір ұлттың өкілі, бабалар мұрасын жалғастырушы ұрпақ ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Өз ұлтының құндылықтарын, оның ішінде туған тілін құрметтейтін азамат болып жетілуі үшін білім алушы оның мәні мен маңызын бала жасынан бойына сіңіруі тиіс. Сондықтан да «мәніс білім» тұлғаның тілді дүниетанымдық тұрғыдан ұғынуына қызмет етсе, тақырыптың астарында-

ғы «сырын» сезінуіне жол ашса, «әдіс білім» сол білгенін өмірде дұрыс әрі сауатты қолдануын қамтамасыз етеді. Өз тілінің қолданымдық ерекшелігін түйсінген оқушы оның әр халықтың жай ғана сөйлеу үдерісіндегі өзгешелік емес, түпкі мәні одан да тереңде жатқанын аңғарады. Тіл жұмсаудағы заңдылықтар өз халқының танымы мен талғамы арқылы екшелген, қайталанбайтын білім қоры екенін де түсінеді. Бұл деңгейде меңгерілген білім тілдің қастерлі мұра ғана емес, өзі арқылы болашаққа жетуі тиіс балалар аманаты екенін де сезіндіреді. Өз кезегінде мұндай тереңнен тамыр тартқан шынайы түсінік оның тіл алдындағы жауапкершілігін арттырады. Функционалдық сауаттылықтың алғышарты саналатын сапалы білім де осындай дүниетаным мен қолданым мәдениетінің бірлігінен құралады. Сол себепті тілді оқытудың түпкі мақсаты – тіл туралы ақпарат беру емес, сол тілдің табиғатын таныту жолымен білім алушының тілдік және коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Тіл сабақтарында берілуі тиіс «мәніс білімнің» сапалы болуын қамтамасыз ететін бірқатар шарттар бар. Соның біріншісі және ең негізгісі – оқушының тілге байланысты білімдердің қай-қайсысы да халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қоры екенін түсінуі. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде осы мәселеге қатысты тұғырлы тұжырымдар молынан кездеседі. Соның бірінде ғалым: «...ілгерінің ақылы, білімі кейінгіге қалып, кейінгілер оған қосып, жамай келіп, тіршілік әдісі артылып, ақтығында өнер-білім ауданы ұлғая, кеңі берген. Күн көріс тәсілі молая берген. Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан балаға, үлкеннен кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырғанын» атап көрсетеді (Байтұрсынұлы, 2006: 116). Осы тұжырымында ғалым «білім» ұғымының феномендік табиғатын басқаша сипаттайды: «Осы күнгі өнер-білім дегендер – адам болғаннан бергі адам баласының тіршілікке керек әдіс-амалы». Білім – адамды тіршілік етуге үйретудің қайнар бұлағы. Ал, Ұлт Ұстазының пайымдауынша, «өнер-ғылым білген адамның белгісі – тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білуі», өздігінен әрекет ете алуы екен. Ұғымдар кешенді түрде бір-бірімен ссабақтаса отырып, баланың әрекетіне ықпал етсе ғана – білім, ықпал ете алмаса, жай ғана тез ұмытылатын ақпарат. Бұдан шығатын қорытынды: балаға берілетін білімді таңдаудың басты критерийі – сол білімнің оқушының тіршілігіне қаншалықты пайдалы екендігі, яғни өмірлік қажетін өтеуге жарамдылығы болуы керек.

Білім баланың ойын өсіріп, өмірлік дағдысын қалыптастыру үшін келесі шарт – тілдік құбылысқа қатысты білімнің өнбойында құндылықтық мән мен тәрбиелік қуаттың қатар қамтылуы. В.Франкл құндылықтар жеке тұлға өміріне ерекше мән дарытатынын атап көрсетеді. Ғалым құндылықтарды былайша топтастырады:

- шығармашылық құндылықтар (бұл топқа еңбек те жатады);

- жан дүниені қозғайтын құндылықтар (мұнда махаббат сезіміне басымдық беріледі);

- қарым-қатынас құндылықтары» (Франкл, 1990: 38.). Қай топтағы құндылық болса да, олардың маңызды қызметі әлеуметтік ортаның рухани мәдениеті мен жеке адамның рухани мәдениетін, қоғамның болмысы мен жеке адамның болмысын берік ұйыстырып, өзара сабақтастыруынан көрінеді. Бірақ бұл жекелеген құндылықтардың адамзат атаулыға ортақ бола тұрып, субъектлік мәні жағынан әрқилы болатынын жоққа шығармайды. Өйткені әр адам үшін құндылыққа айналуы оған ғана тән таныммен, қабилдаумен, түйсінумен байланысты болады.

Ал дәуірлік тұрғыдан қарағанда қоғам формациясының әр кезеңіне тән, сол қоғамның талабына лайықты құндылықтық-бағдарлық құрылымдар басымдыққа ие болады. Сол себепті қазіргі қоғамның да өзіндік құндылықтары болуы заңды. Олар рухани жаңғыру үдерісінің әсерімен дәстүрлердің жандануынан, ұлттық сипаты айқын құндылықтарға деген ішкі сұранымның өсуінен байқалып отыр. Олай болса, заманауи білім жүйесіне қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі әлеуметтік мәні жоғары құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру екені даусыз. Егер білім алушы сол құндылықтардың негізінде жалпы әлемге қатынасын тұрақтандырып, өз өмірлік позициясына, өз әрекеті мен мінез-құлығын басқаруға мүдделілік танытса, оны игерілген білімнің субъектінің жеке құндылық бағдарына айналу үдерісі деп атауға болады.

Зерттеушілердің айтуынша, «құндылық бағдарларда адамзат баласы жинаған тәжірибе өзектене түседі де, өмірлік мәселелерді шешуге ықпал етеді. Қазіргі жағдайда құндылықтарды қайта парықтап, қайта саралау қажет, өйткені сол құндылықтар жас ұрпақтың дамуы мен қызмет ету бағыттарын анықтайды» (Тырнова, 2010: 72). Сондықтан жаһандану салдарынан жылдам өзгермелі дүниеде өмір сүріп отырған балаға өзінің ұлттық құндылықтарына деген көзқарасын қалыптастыру үшін де тілдің объективтік, субъективтік қызметін, сонымен қатар ұлттықты сақтаудағы маңызын сауатты ұғынды-

рудың жолын табу заманауи әдістеме ғылымына үлкен міндет артып отыр. Еркіндікке құштар, өз пікірін жасқанбай айта алатын Z ұрпақ өзін өзгелердің басқаруын қаламайды, сондықтан оларға білімнің құндылықтық мәнін таныта жеткізудің амал-тәсілдерін табудың өзектілігі күшейе түсуде. Бұл орайда Джим Коллинздің табысты компаниялардың жұмысын бағалауға қатысты жазылған «Жақсыдан – жасампаздыққа» еңбегінде айқындалған «Ұлылыққа ұмтылыс» моделіндегі трансформация процесін басшылыққа алу ұтымды. «Бұл модель былай жұмыс істейді: алдымен потенциал (тілді оқыту үдерісіне қатысты алғанда танымдық қор) күшеюі керек, содан соң қарқынды өсуге жол ашылады (Коллинз, 2019: 186). Яғни алдымен білім алушының ойы мен жүрегіне қозғау салу керек. Зерттеушінің ұсынуында аталған процесс үш кезеңнен тұрады: тәртіпті адамдар, тәртіпті ойлау, тәртіпті әрекет. Осының ішіндегі ерекше назар аудартатын бір мәселе – жағымсыз ақпараттан жалтармау және «Кірпі» концепциясы. Мәселен, қазір жасөспірімдерді қанша ащы болса да, өздерінің тілге деген жағымсыз қатынасын мойындауға, «ақиқатқа қасқайып қарауға» жүрексіңбейтіндей етіп ішкі дайындығын күшейту де маңызды шарттың бірінен саналады. Оған жетудің жолы – тәртіп мәдениетін қалыптастыру. Оған шынайы қатынас, қызықты мазмұн, оның ішіндегі құндылықтық мәннің қамтылып отыруы ғана жол ашады. Сол себепті тілді оқыту үдерісінде бұл талапқа дер кезінде көңіл бөлініп отыруы тиіс деген қорытынды жасалды.

Келесі бір алғышарт – «Тірі білім» теориясына сәйкес білім алушының «мәніс білімге» қол жеткізуін сатылап қалыптастыруға мән беру. Шын мәнінде, «жақсыдан жасампаздыққа» жету жолы күрделі. Зерттеуші Дж. Коллинз бұл үдерісті шығырдың айналуымен салыстырады. Оның пайымдауынша, «шығыр іске қосылғанда бір бағытта баяу ырғақпен айналып, біраз уақыт өткен соң, жылдамдық алады да, ары қарай жиналған потенциал, инерция, серпін шығырды өздігінен айналдыра бастайды. Сондықтан субъекті де біраз потенциал жинап алған соң, қарқынды өсім кезеңіне аяқ басады» (Коллинз, 2019: 188). Бұл концепция тілді оқыту үдерісінде оның құндылықтық мәніне қатысты білім оқушының қабылдауына, түсінуіне шақталып, бірақ жалықтырмайтындай етіп үздіксіз беріліп отырса, одан кейінгі кезеңдерде білім алушы теориялық тақырыптардың астарындағы құндылықтық мәнді өзі іздеп табуға дағдыланады.

«Мәніс білімді» меңгерген оқушының «әдіс білімге» көшуінің келесі алғышарты – тілді оқыту үдерісінде білімалушының сөз мәдениетін жетілдіруді түпкі нәтиже түрінде бекітіп, мақсатпен ұластыру. Зерттеушілер мұндай мақсатқа жету тек мұғалімнің оқыту шеберлігіне ғана байланысты емес, білім алушының белсенділігі нәтижесінде жылдам дамитытынын алға тартады. Олардың көпшілігі «Жеке баланс парағын» жүргізу тиімді деген пікірді құптайды (Гоулман, Бояисц, Макки, 2019: 105). Қалай болғанда да, сөз мәдениетіне төселу адамның өзінің мінез-құлқын өзі қадағалау, өзін-өзі басқару қабілеті артқан кезде мүмкін болатыны, рас. Ондай саналы қатынасты қалыптастыру тағы да тілді оқыту үдерісін сауаттыұйымдастырумен тығыз байланысты. Ондағы «мәніс білімнің» дұрыс қалыптасуына тікелей тәуелді. Бұл орайда тіл мен адамдық болмыстың қатынасына мән берілуі маңызды. Осы тұста әлемдік дидактикада адам әрекетінің нәтижелі болуында субъектінің ролін көрсететін қағидалар бар. Әйтсе де, ұлы ақын, кеменгер философ Абайдан артып айтқан ешкім жоқ десек, қателеспейтіміз анық. Абай 27-қарасөзінде: «Адам баласы – Алланың ерекше махаббатпен жаратқан сұлтан болмысты туындысы» – дейді. Ойшыл адамның ақылын жетілдіретін, сол арқылы өзінің сұлтан болмысын сақтауға мүмкіндік беретін, ең бастысы, «өзінің қолынан келместі өзгелермен бірігіп жасауы үшін нығмет етілген «сыйды» атап көрсетеді (Құнанбаев, 1977: 169). Ол сый, айрықша қабілет – Тіл. Сондықтан «Тірі білім» теориясының талабы бойынша тілді оқытқанда берілетін «мәніс білімнің» өзегіндегі қорытынды тіл арқылы ғана адамның әлеуметтік ортада өз орнын иемденетіні туралы тұжырым болуы керек. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» – дей отырып, Абай тұжырымының мәнін одан әрі аша түседі (Байтұрсынұлы, 2013: 24).

Шындығында, тіл – Жаратушының адамзат баласына деген шексіз махаббатының дәлелі. Адам өміріне мән дарытатын тіл – оның өз миссиясына лайық өмір сүруінің бірден-бір кепілі, өз тағдырын өзі қалағандай өзгерте алуына қажетті шарты, өзі армандаған Бақыт пен Баққа қол жеткізуінің тетігі. Әрине, бүгінгі «зайырлы қоғам» деп аталатын бағамы мен бағдары белгісіз ортаның оқу жүйесіне Ұлы Абайдың осы сөзін сол қалпында енгізе салу үстірт хәм асығыс шешім болар еді. Дегенмен, мектептегі тілді оқыту процесінде, оқулықтардағы баланың тілге деген құндылық қатынасын қалыптастыратын тетіктерді жетілдіруде бұл қағиданы ескеру ке-

рек. Себебі тілдің адам танымымен, тағдырымен байланысын таныта оқыту – қазіргі антропоцентрик парадигма бойынша заманауи лингвистика ғылымында негізделген «тіл – субъективтік құрылым» ұстанымымен де ұштасып жатыр.

Абай мен Ахмет пайымдауларындағы өзара өзектес екі байламның бүгінгі таңда тілді оқытудың өзегі етіп алынуының пайдасы неде? Біздіңше, бала тілдің өзі үшін, өзінің өмірі үшін қандай мәнге ие екенін жасөспірім шағынан, негізгі мектептен-ақ сезініп, түсіне білуі керек. Жасөспірім кезеңінен бастап тануы керек деуіміздің себебі – осы жастан бастап оқушылар тілді ғылыми тұрғыдан оқи бастауы тиіс. Тек осы орайда ескеретін мәселе: ғылымның алғашқы әліппесінен бастап жоғары сыныптағы теориялық ұғымдарды меңгертуге дейінгі оқыту жүйесінде баланың тіл туралы дүниетанымы мен тілді жұмсау дағдыларын меңгеруін бірге қалыптастыруға назар аударудың міндеттілігі. Сөздің құдіреті мен қуаты, ұлттық таныммен сабақтастығы, діл қалыптастырушылық рөлі туралы баланың жасына лайықталып ұсынылатын ғылыми қағидалар пән бойынша анықталған білім беру міндеттерімен ұштастырылуы тиіс. Бұл сабақтастық оқушының танымы мен білігіне қатар қызмет ететін болады. Айта кету керек: бүкіл «өнердің алды – қызыл тіл» деп санаған халықтың ұрпағы үшін мұндай дүниелік білімнің маңызы өте зор. Себебі қазақ тілін оқытудың бір тұғырнамалық бағыты ретінде, әсіресе, дәл бүгінгі жаһандану жағдайында ерекше күш алып айбарлана түскен алпауыт елдердің аранына жұтылып кетпеу үшін де тілдің құндылықтық мәнін танытудың, ұлттық тіл мен ұлттық ділдің сабақтастығын ашып түсіндірудің, туған тіл арқылы ішкі рухани қуатты күшейтудің көкейкестілігі арта түсуде. Сол себепті пән мазмұны грамматиканы жалаң меңгертуге де емес немесе сөйлеуге үйреткеннің жөні осы деп нақты оқыту ұстанымы белгісіз лексикалық тақырыптар бойынша түсінгенін айтса жеткілікті дейтін қарабайырлықтан арылып, балаға теория мен практиканың тоғысындағы «пайдалы білім» (А. Байтұрсынұлы) беруді көздей отырып түзілуі тиіс. Грамматика ереже үшін емес, баланың тілін ұстартудың құралына айналуын мақсат ете отырып оқытудың өзіндік шарттары бар. «Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматика сөйлеуді жетілдіруге қызмет етеді және қолданбалы мәнге ие болатынын» ескерген абзал (Рауандина, 2018: 38). Сонымен қатар, академик Р.Сыздық тұжырымдағандай, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебені иемденуіне орай «қазақ тілінің әлеу-

меттік қызметті құр атқарып қана қоймай, дұрыс, сындарлы, мәдениетті түрде атқаруы күн тәртібіне қойылды. Бұл – кезең талабы, қоғамның мәдени-рухани сұраныс талабы» (Сыздық, 2014: 4). Сондықтан да функционалдық сауаттылық үнемі оқушының сөз мәдениетін қалыптастырудың кепілі ретінде саналады. Бұл бірлікті сақтау тілді жүйелі және теориялық тұрғыдан бірнеше аспектіде қатар меңгерудің нәтижесінде жүзеге асырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсатына сәйкес эксперимент материалдары ретінде қазақ тілінің морфологиясындағы аса өзекті тақырып – зат есім нысанаға алынды. Өйткені зат есім туралы «мәніс білім» беру үдерісін тиянақты түрде жүргізу оқушыға қазақ лингвистикасындағы сөздерді таптастыру принципін саналы меңгертуге жол ашады деп болжам жасалды. Зат есім туралы білім ең алдымен морфологияға қатысты тірек терминдердің мәнін түсіндіруден басталды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін «тірі білім» теориясын жүзеге асырудың бір тетігі ретінде Абайдың таным туралы тұжырымы басшылыққа алынды. Заманауи білім беру жүйесі талаптарына сәйкес тілді адам болмысымен, табиғатымен өзара тұтастықта таныту көзделгендіктен, Абай айтқандай, «дүниенің (біздің жағдайымызда: ана тілінің – Ж.Д.) көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білдіру» мақсат етілді (Құнанбайұлы, 2022: 58). Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге тоюмен шектелмей, балалардың әр терминнің «сырын» тануына ден қойылды. Өйткені Хакімнің адам баласының білімі үстірт білген нәрселерден емес, сырын таныған дүниеден құралатынын меңзеген ойы, ең әуелгі қадамды терминдердің мағынасын ашып алудан бастау қажеттігін танытты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ұлт ұстазының тұжырымдауына, білім – теориялық ұғымдардың я ережелер мен қағидалардың жалаң жиынтығы емес! Білім – адам баласының өмір сүруіне, тіршілік етуіне керекті пайдалы әдіс-амалдар. Олай болса, жас ұрпаққа білім мазмұнындағы ұғымдарды оқыту үдерісінде термин сөздің «сырын» түсініп қолдануға мән берілгенде ғана оның амалдарын да саналы игертуге, күнделікті тіршілігінде сауатты қолдануға бағдар берілетіні пайымдалды.

Термин сөздер – Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсеткен тіл атты «алып машинаның» бөлшектерінің атауы. Қазақ тілінің қандай машина (құрал) екендігін «тұтас түрінде таныту үшін оның

түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетуге» қызмет ететін терминдердің «сырына» үңілдіру – «мәніс білімнің» қалыптасуының негізгі шарты. А. Байтұрсынұлының «тірі білім» теориясы дәйектелген мақаласын тауып, оны алтытомдық шығармалар жинағына (2014) алғаш енгізген ахметтанушы ғалым Орынай Жұбаева болатын. Бұл теориядан бейхабар болғанмен, баланың тілді саналы меңгеруі үшін лингвистикалық терминдерге мән беру керек деген идея осыдан отыз жылдай бұрын мектепте қызмет етіп жүрген жылдарымызда туған болатын.

Алдымен, бұл оқыту әдісі түрінде қолданылып жүрді. Тәжірибе барысында тек терминге ғана емес, теориялық ережелерге де мән бере оқыту керектігіне көз жетті. Уақыт өте келе баланың білімі үзік-үзік берілмей, тілді тұтастай танытуға жетелеу үшін тақырыпаралық, салааралық, интеграциялық байланыстарға мән бере оқыту жайлы тұжырымдар туды. Келесі кезекте баланың тілді тек құрал ғана емес, оны құндылық ретінде де түйсінуді қамтамасыз ету мақсатындағы ізденістер «Мән бере оқыту» – «МБО» деп аталатын технологияның өзара сабақтас жеті стратегиясын анықтауға алып келді (1-сурет).



1-сызба – «Мән бере оқыту технологиясының стратегиялары»

2011 жылы алғаш рет осы технологияға негіз болған әдістер кешені жүйеленіп, жинақталған ғылыми мақала «Мән бере оқыту – білім сапасын арттырудың тетігі» деген атаумен «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланды (Дәулетбекова, 2011: 3). Педагогтік тәжірибеде туған сол идеямыздың концептуалдық негізі Ұлт Ұстазының «Тірі білім» теориясындағы «мәніс біліммен» сәйкес келуі кәсіби маман ретінде де, саналы өмірін ұрпаққа ана тілін оқыту мәселелерінің ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік жолдарын зерттеуге арнаған адам ретінде де ерекше бақытқа бөлегенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Ең бастысы – өз жолымның дұрыстығына сенім қалыптастыратын НЕГІЗді табуым болды. Бұл технология түпкі нәтижеде теория мен практиканың: үйретілетін нәрсенің «күші» мен «ісін», «мәнісі» мен «әдісін» тең қамти оты-

рып, жас ұрпаққа білім мен тәрбиенің теңдей берілуін қамтамасыз етуге қызмет етуі қажет деген тұжырым жасалды.

Ұлт Ұстазы негіздеген қазақ тілінің терминдері, кестеде бейнеленгендей, өзі «сөйлеп тұратын» теориялық ұғымдардың кені (1-сызба). Олар – тілдің табиғатын танытуда ең маңызды құрал. Әйтсе де, қазақ тілін оқыту үдерісінде дәл осы мүмкіндікті пән мұғалімдері әлі де дұрыс пайдалана алмай жүр. Шын мәнінде, тілдік терминдерді саналы ұғыну балаларға тіл табиғатын танытуға, қазақ тілінің өзіндік болмысын сезіндіруге қызмет етеді. Тілдік терминдерді саналы түсіну оқушылардың тілді тануға деген мотивациясын арттырудың қайнары болып саналады. Ең маңыздысы, терминдер – оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың көзі.



1-сурет – А. Байтұрсынұлы терминдерінің мәндік сипаты

Практикалық тұрғыдан тіл терминдерін оқытудың мотивациялық сипатын арттыру үшін бірнеше әдістер өзара сабақтастықта жүзеге асырылып, әртүрлі оқыту формаларын үйлесімде қолдануға мән берілді. Басты мақсат білім алушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру болғандықтан, түпкі күтілетін нәтижесі тіл атаулының:

- дүниенің жүзіндегі әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық ой-санасы арқылы қалыптасатын дара дүниетанымының;

- ұлттық болмысы мен өзгеге ұқсамайтын ұлттық ділінің;

- ұлттық таным тамырынан нәрленіп, ұлттық код арқылы бекітін мәдени иммунитетінің әрі бастау бұлағы, әрі тіршілік ету құралы, әрі әлемде басқа баламасы жоқ аса мәнді өзегі екенін саналы түрде түсінуі. Өкінішке орай, білім беру жүйесінің не бастауыш, не негізгі, не бейіндік сатыларында тілдің осы ең басты қызметі мен маңызын таныта оқытуға мән берілмей жүр. Оның нақты көрінісі – эксперимент барысында анықталғандай, бүгінгі таңда мектеп оқушыларының ғана емес, тіл пәнінен сабақ беретін мамандардың басым бөлігі тілдің ұлттық сақталуындағы, мемлекеттің өркендеуіндегі рө-

лін дөп басып айта алмайтыны былай тұрсын, жеке адам тағдырындағы маңызын да ашып түсіндіре алмағаны. Олардың 80 пайызы «тіл – қарым-қатынас құралы», «тіл–ойды жеткізудің құралы» дегеннен арыға бара алмайтынына, осы байламның астарындағы ойдың өзін де дәйектеп жеткізе алмайтынына куә болдық. Өйткені мектепте де, жоғары оқу орындарында да тіл салалары туралы білім берілгенмен, тіл туралы дүниетаным қалыптастыруға, тілдің қоғамдық-әлеуметтік және тұлға қалыптастырушылық мәніне көңіл бөлінбейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытылып жатқан қазақ тілі сабақтарында тіл туралы дүниетанымды қалыптастыру мүлде назардан тыс қалған (Жаңартылған оқу бағдарламасы: 2017.). Себебі оның мазмұндық жүйесін лексикалық тақырыптар құрайды да, тілге қатысты теориялық материалдар жүйесіз, шашыраңқы түрде берілген. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тіл туралы нақты дүниетаным қалыптаспаған кезде жаттанды, жүйесіз алған білімнің пайдасы болмайды.

Зат есімдерді оқытуға бағытталған тәжірибелік жұмыста «мәніс білімге» жетелеудің алғашқы қадамы «сөз таптары» терминінің мағынасын сұрақ-жауап түріндегі ұжымдық талдаудан


басталды. Терминнің мағынасы орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларымен салыстырылды. Ол үшін сол тілдердегі терминдердің калька аудармасы жасалды. Қазақ тіліндегі терминнің құрамында «топ» немесе «бөлік» деген сөз емес, «таптар» деген сөздің қолданылуының «сыры» талқыланды. «Тап» сөзінің мағынасы терминдер сөздігімен жұмыс арқылы ашылды. Нәтижесінде оқушылар пікір алмаса отырып, сөздердің де белгілі бір «ортада өмір сүретінін», «нақты бір сөздер тобының «заңдылықтарын» ұстанатын мүшесі екенін», «бір-бірімен тығыз байланыса жүріп, адам ойын жеткізуге бірлесе қызмет ететінін», сондықтан олар да адамзат қоғамындағыдай «бағынушы», «бағындырушы» таптарға жіктелетінін анықтады. Мұндай саналы түсінік «Сөз таптарының» ең басында «Зат есімнің» тұру себебін де саналы ұғынуға жол ашты. Оқушылар жетектеуші сұрақтардың көмегімен дүниені тану нақты затты танудан басталатынын, содан кейін ғана оның сынын, санын, әрекетін тануға болатынын тұжырымдады. Сөз табы құрамындағы сын есім, сан есімдердің тек зат есімге ғана бағынатынына, ал етістіктің зат есімге бағыну-

шы, үстеу мен еліктеуіш сөзді бағындырушы сөз табы екеніне де назар аударылды. Осылайша, сөз таптарының «патша», «уәзір», «халық» сипатындағы дәрежелері айқындалып, «сөз таптары» терминінің мәні ашылды. Бұл, бір жағынан, білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттырды, екінші жағынан, сөздің мағынасын тануға мотивациясын оятты, үшіншіден, тілдегі терминдер туралы дүниетанымды кеңейтті.

Зат есімді оқытудағы дүниетанымдық аспектілер «зат есім» атауына қатысты тереңдетіле берілді. Жасыратыны жоқ, мектеп түлектері де, жоғары оқу орнының бітірушілері де, тіпті пән мұғалімдері де «зат есімге мысал айта қойыңызшы» деген тосын сұраққа «кітап», «дәптер», «сынып», «ағаш» деген жауаптармен шектеліп, бастауыш мектептің деңгейінен аса алмай қалатын кездері жиі кездеседі. Бұл да мектеп қабырғасында «мәніс білімнің» назарға алынбай келе жатқанының дәлелі. Сондықтан келесі кезекте «терминге мән бере оқыту», «ережеге мән бере оқыту» стратегиялары бірлікте қолданылды. Ол үшін «ЗАТ» ұғымы қамтитын атаулар көрнекі құрал түрінде ұсынылды (2-сурет).

“Зат есім” тақырыбы бойынша «мәніс білім» қалыптастыру

- ▶ Терминге мән бере оқыту
- ▶ Теориялық ережеге мән бере оқыту



2-сурет – Зат есімге жататын ұғымдар кешені

Көрнекі құралмен байланысты тапсырма жұптық жұмыс түрінде орындатылды. Оқушыларға берілген 1-тапсырма бойынша 7 минуттың ішінде зат есімге жататын атауларды ұсынылған

кесте түрінде жинақтап жазуы тиіс болды (1-кесте). Олар суретке қарап, зат есім табына енетін сөздерді тұрмыстық зат-бұйым атаулары, табиғаттағы зат атаулары, оқу құралдары атаулары,

адамның қасиетіне қатысты атаулар, адамның дене мүшелерінің атаулары, қалалар мен нысандар атаулары деп топтастырды.

1-кесте – Зат есімге жататын атаулар

<i>Зат есімге жататын атаулар тобы</i>	<i>Мысалы</i>	<i>Мақал-мәтелдер</i>
Адамның дене мүшелерінің атаулары	Бас, көз, иық, қол, аяқ...	Көз қорқақ, қол батыр

2-тапсырма ізденімдік сипатта ұсынылды. Онда әр жұп іздене отырып, осы кестені ары қарай таратып, толықтыруы тапсырылды. Мысалы, «Табиғаттағы зат атаулары» бөлімін «Аң-құс атаулары», «Үй жануарлары атаулары», «Табиғат құбылыстары атаулары», «өзен-су атаулары» және т.б. деп жіктеуі және мысалдарын жазуы қажет. Бұл тапсырмада оқушыларды алған білімін өз ізденістерімен кеңейтуге баулу мақсаты көзделді. Одан кейінгі орындалатын кешенді тапсырмалар қатарында әр сабақтың тақырыбына байланысты терминдермен жұмыс, шығармашылық жазылым жұмыстары, жұптық, топтық сипаттағы ауызша тапсырмалар, рөлдік ойындар қамтылды.

Зат есім тақырыбындағы оқушылардың пәнге қызығушылығын оятқан жұмыстар бірін-бірі толықтырып отырды. Соның ішінде адам есімдеріне, жер-су, өсімдік атауларына қатысты оқу материалдарындағы ұлттық кодпен, ұлттық дүниетаныммен байланысты ақпараттардың танымдық та, тәрбиелік те маңызы жоғары болды. Өйткені «әрбір тіл өзін жаратқан халықтың айналасын, шеңберін сипаттайды» (Гумбольдт, 1984: 5). Сондықтан да тілде бейнеленген «ұлттық дүниетаным – қайталанбайтын құбылыс. Ол ұлттың бүкіл бітім-болмысымен, қоршаған ортасымен, менталитетімен, шаруашылық жүйесімен, табиғат құбылыстарымен байланысты. Өйткені адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға талпынады, өңдейді, қорытады, баға береді... сол арқылы ғаламның тілдік бейнесі жасалады» (Қасым, 2021: 32-33.). Сондықтан зат есімді оқыту үдерісінде қазақ есімдерінің өзіндік ерекшеліктерін, ұлтымыздың ат қоюға ерекше мән берген дәстүрлері туралы мәтіндер ұсынылды.. Жер-су құндылықтарына мән бергізу үшін оқу-

шыларға өздері тұрған аймақтағы немесе атамекендеріндегі тарихи тамыры терең атаулардың мағынасын тану, этимологиясын тарату, олар туралы аңыздарды жинау, шағын презентация жасау жұмыстары ұсынылды. Сонымен қатар, адам есімдері мен жер-су атауларындағы образдылыққа мән бергізетін тапсырмалардың да оқушының тіл туралы дүниетанымын кеңейтуге ықпалы зор болды.

Тілді дүниетанымдық тұрғыдан меңгерту мақсатындағы кешенді тапсырмалардың қорытынды кезеңінде оқушыларға эссе жазу тапсырылды. Себебі «эсседе белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау, бағалау талабы сақталады. Эсседе автордың пікірі мен келтірген фактілерін жүйелі әрі академиялық тұрғыда жазу мүмкіндігінің болуымен ерекшеленеді» (Оспан, 2020: 85). Сол себепті жасөспірімдердің жасына лайық ұсынылған эссе тақырыбы «Зат есімдер – білім бұлағы» деп белгіленді. Көлемі 170-200 сөз деп анықталды. Онда оқушыны өз ойын жинақтауға, жүйелеуге, дәйектеуге, аз сөзге көп мағына сыйдырып беруге төселдіру көзделді. Бұл эсседе оқушының ойлау мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін өзара бірлікте жетілдіру талабы қойылды. Сонымен қатар, кемінде бір дәйексөз, мақал-мәтел, фразеологизм кіріктіру міндеттелді. Бұл өз ойын «шегелеп», дәлелді жеткізуге машықтандырды әрі оралымды сөйлеу дағдыларын дамытты. Жазылымның өркениеттегі рөлі туралы ғалымдардың «өркениеттің дамуынжазудың маңызынанбастап айту оның әлдеқайда жүйелі, күрделі, дербес құрылым болып қалыптасқанын, жазудың адамзат өркениетіндегі болашақ үшін атқарар қызметін танытады» деген пікірі ашып көрсетеді (Күдерина, 2016: 11).

Нәтижелер мен талқылау

Ешқандай жалаң ұрансыз, ешбір қосымша технологиялық құралдарды араластырмай, жасөспірімдерге тілді дүниетанымдық тұрғыдан мақсатты түрде меңгертуге бағытталған кешенді жұмыстардың сапалы білім берумен қатар олардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге, ұлттық құндылықтарға деген шынайы қатынасын қалыптастыруға қол жеткізілді. Оқу мотивациясын тудыруға, танымдық қызығушылықтарын арттыруға оң әсер ете отырып, балалар үшін ұлттық кодты ашу аса маңызды болды. Сондықтан зат есім сөздердегі ұлттық кодқа мән бере оқытудың нәтижесінде бірнеше бағытты қатар қамтуға және оң нәтижелерге қол жеткізілді:

- ұлттық тәрбие: балаға ат қою үрдістеріндегі дәстүрлер арқылы берілді;

- ұлттық таным: зат атауларындағы тапқырлыққа мән беру арқылы бабалар тіліне құрмет сезімі қалыптастырылды;

- ұлттық құндылық: жер-су атауларындағы тарихи-когнитивтік аспектілерді ашу арқылы танымдық мотивтер кеңейтілді;

- ұлттық құндылық: өсімдік, жан-жануар атауларындағы бейнелілік арқылы тілдің құндылық ретіндегі рөлі түсіндірілді;

- ұлттық діл: табу сөздер мен эмоционалды-экспрессивті атаулар сырын ашып түсіндіру барысында және аттергеу дәстүріндегі қатысым мәдениеті мен әдебінің мәнін ашу жолымен ұлттық кодтың маңызы жас ұрпақ санасына сіңірілді;

- ұлттық сана: өз тіліне деген сүйіспеншілік қалыптастырылып, ана тілін аманат ретінде түйсіну сезімдері оянды, шығармашылық қабілеттері артты.

Практикалық тұрғыдан талдағанда бұл тапсырмаларды орындау арқылы балалардың ойлау қабілеті дамытылды, сөздік қоры байыды, ортақ мақсатты орындау үшін бірлесіп жұмыс жасау дағдылары ширады. Ең бастысы, зат есімге байланысты бастауышта алған білімдері тереңдеді, тіл туралы лингвистикалық дүниетанымы кеңейтілді. Тіл туралы білім, міндетті түрде жас адамның ізгілік қасиетін қалыптастыратыны сөзсіз. «Ізгілік – адамның әдетке айналдырылған

ішкі адамгершілік әлемінің кемелдігі. Ол бақытқа бастайды» – дейді ұлы ойшыл Аристотель (Аристотель, 2018). Олай болса, қазақ тілін «тірі білім» іліміне сай оқытудың болашақ ұрпағымызды бақытқа бастайтын ізгіліктің негізі екені даусыз.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысы Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық тіл білімі мен оны оқыту әдістемесінің негізін қалаған, өткен ғасыр басында дәйектеген концептуалдық тұжырымдарының ешқашан да өзектілігін жоғалтпағанын көрсетіп отыр. Саясаттың салдарынан Ұлт Ұстазы бағамдаған «мәніс білім», «әдіс білім», «пайдалы білім» секілді іргелі әдіснамалық тұғырлар жылдар бойы көзден тасада қалып келгені де ақиқат. Соның бірі де бірегейі – «Тірі білім» теориясы. Ендігі жерде Ахмет Байтұрсынұлының әлемде баламасы жоқ ілімін басшылыққа алу ана тілін оқыту үдерісін жандандырып, оның әдіснамасы мен әдістемесін жаңа сапалық деңгейге көтеретіні даусыз. «Жаңа Қазақстан» мемлекетін құру да осы идеяның жүзеге асуымен тікелей сабақтасып жатқаны кәміл.

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырады (Грант АР19676778)

Әдебиеттер

Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі // Шығармаларының алты томдық жинағы: Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т.6. – Б. 14-19.

Байтұрсынұлы А. Әліппелер мен мақалалар жинағы // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2006. – Т.4. – 320 б.

Франкл В. Человек в поисках смысла. – Москва: Прогресс, 1990. – 368 с.

Тырнова О.А. Особенности ценностных ориентаций современной молодежи // Педагогика и психология образования. – 2010. – № 3. – С.71-75.

Коллинз Дж. Жақсыдан – жасампаздыққа // Көшбасшылық: Мазмұндама / Ш.Мұқан. – Алматы: «Мазмұндама», 2019. – Б. 185-211.

Гоулман Д., Бояисц Р., Макки Эмоционалы көшбасшылық Э. // Көшбасшылық: Мазмұндама / Ш.Мұқан. – Алматы: «Мазмұндама», 2019. – Б. 85-115.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – Т.2. – 175 б.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. 3. – 384 б.

Рауандина А. К. Оқушылардың тілдік фуекционалдық сауаттылығын қалыптастыру: Монография. – Алматы: 2018. – 165 б.

Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) // Көп томдық шығармалар жинағы. -Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – Т. 8. – 292 б.

Құнанбайұлы А. Қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2022. – 145 б.

Дәулетбекова Ж. Мән бере оқыту – білім сапасын арттырудың тетігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2011. – №4. – Б. 3-11.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламалары (5-9-сыныптар). – Астана, 2017. – 89 б.

- Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 397 с.
Қасым Б. Когнитивті семантика: Оқу құралы. – Алматы, 2021. – 256 б.
Оспан Е. Академиялық жазылым негіздері: Оқу құралы. – Алматы: «Білік», 2020. – 340 б.
Күдерінова Қ. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы. – Алматы: «Қазақ тілі», 2016. – 340 б.
Аристотель. Никомах этикасы // Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 360 б.

References

- “Kazakh tili” panining zhangartylgan oqu bagdarlamalary (5-9 synyptary) [Updated curricula of the discipline “Kazakh language” (grades 5-9)] (2017) Astana. 89 p.
- Abai (Ibrahim) Kunanbaev (1977) Shygarmalarynyn eki tomдық tolyk zhinagy [A complete two-volume collection of his works]. Almaty. Vol. 2. 175 p.
- Aristotle (2018) Nikomakh etikasy [Nicomachian ethics]. Hess R. Philosophy tandauli 25 kitaby [Hess R. 25 selected books of Philosophy]. Almaty. 360 p.
- Baitursynuly A. (2006) Alippeler men maqalalar zhinagy [Collection of alphabets and articles]. Bestomдық shygarmalar zhinagy [Collection of works in five volumes]. Almaty. Vol.4. 320 p. (in Kazakh)
- Baitursynuly A. (2013) Baulu mektebi [Training school]. Shygarmalarynyn alty tomдық zhinagy: Makalalar, khattar, A. Baytursynuly turaly kuzhattar men materialdar [A six-volume collection of his works: articles, letters, documents and materials about A. Baitursynov]. Almaty. Vol. 6. P. 14-19. (in Kazakh)
- Baitursynuly A. (2013) Til – qural (qazaq tili men oqu-agartuga katysty enbekteri [Language-tool (works on the Kazakh language and education)]. Alty tomдық shygarmalar zhinagy [Collection of works in six volumes]. Almaty. Vol. 3. 384 p. (in Kazakh)
- Collins J. (2019) Zhaksydan – zhasampazdyqqa [From good – to creation.]. Koshbasshylyk: Mazmundama [Leadership: Summary]. By Sh. Muqan. Almaty. P. 185-211. (in Kazakh)
- Dauletbekova Zh. (2011) Man bere oqytu – bilim sapасыn arttyrudyng tetigi [Training with emphasis – a mechanism for improving the quality of Education]. Kazakh tili men adebiyti [Kazakh language and literature]. Vol.4. P. 3-11. (in Kazakh)
- Frankl V. (1990) Chelovek v poiskah smysla [A man in search of meaning]. Moscow. P. 368. (in Russian)
- Goulman D., Boyasts R., Mackey E. (2019) Emotionaldy koshbasshylyk [Emotional leadership]. Koshbasshylyk: Mazmundama [Leadership: Summary]. By Sh. Muqan. Almaty. P. 85-115. (in Kazakh)
- Humboldt V. (1984) Izbrannye trudy po yazykoznaniyu [Selected works on linguistics]. Moscow. 397 p. (in Russian)
- Kasym B. (2021) Kognitivti semantika [Cognitive semantics]. Almaty. 256 p. (in Kazakh)
- Kuderinova K. (2016) Turki tilderinin alipbii men emle tarihy [History of the alphabet and spelling of Turkic languages]. Almaty. 340 p. (in Kazakh)
- Ospan E. (2020) Akademiyalyk zhazylym negizderi [Basics of academic subscription]. Almaty. 340 p. (in Kazakh)
- Qunanbayuly A. (2022) Karasozder [Words of edification]. Almaty. 145 p. (in Kazakh)
- Rauandina A.K. (2018) Oqushylardyng tildik funkcionaldyq sauattylygyn qalyptastyru [Formation of linguistic literacy of students]. Almaty. 165 p. (in Kazakh)
- Syzdyq R. Tildik norma jane onyng qalyptanuy [The language norm and its normalization]. Kop tomдық shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. Almaty. Vol.8. 292 p. (in Kazakh)
- Tyrnova O.A. (2010) Osobennosi cennostnyh orientacii sovremennoi molodeji [Peculiarities of value orientations of modern youth]. Pedagogika i psihologiya obrazovanya [Pedagogy and psychology of education]. Vol. 3. P.71-75. (in Russian)